



Тақырыбы: *Стоматологияда қолданылатын витаминді препараттар.*

Қабылдаған: Байзақова Б.Ү
Орындаған: Ілияс Ж.М
Факультет: *Стоматология*
Стк-337



Жоспар:

I.Кіріспе

II.Негізгі бөлім:

- ***Стоматологияда қолданылатын витаминді препараттар.***
- **Жалпы әл беретін емдік әдіс(Общеукрепляющее)**

III.Қорытынды

IV.Қолданылған әдебиеттер

Кіріспе:



Адамның тіршілікке туінде витаминдердің рөлі ертеден-ақ белгілі болған. Витаминдертобы организмнің қорғаныс, әртүрлі жағдайларға бейімделу және басқа қызметтеріне әртүрлі деңгейде әсер етеді.

Витаминдер тапшылығы авитаминоз негізгі себептері:

- тағамдық заттардың құрамында өте аз болуы
- витаминдердің сорылуының бұзылуы
- витаминдердің тіндерде бұзылуы
- витаминдерді организмнің шамадан тыс пайдалануы

Витаминдер жетіспеушілік жағдайы гиповитаминоз.

Витаминдер жетіспеушілігі көбінесе қыс және көктем айларында жиірек кездеседі.

Витаминдер ауыз кілегейлі қабығының қорғаныс және қайта құру қызметтерін жақсартуда маңызды рөл атқарады.



Жалпы әл беретін емдеу әдісі (Общеукрепляющее) тиімді және үйлестірілген тағам, еңбек тәртібі және демалыс, витаминотерапияны өткізуді анықтауға бағытталған. Витаминотерапия аурудың бастапқы даму кезеңдеріне өте тиімді, бірақ ол жазда және қыстыгүні аурудың даму кезеңдерінде жүргізілуі керек.

В1 витамині кокарбоксилазаның құрамдық бөлігі болып саналады және мидың өміршеңдік, қозу үрдісінің және жүйке жүйесінің трофикалық қызметін сақтауда алатын орны өте маңызды.

В1 витамині жетіспеушілігі кезінде ауыз кілегейлі қабығында парестезиялық ауытқулар- ысу, күю, ашу сияқты белгілер пайда болады, ауыз құрғап, тілдің саңырауқұлаққа ұқсас бүртіктері ұлғаяды.

Адамның ұйқысы қашып өлсіздік, күдікшілдік пайда болып себепсіз арықтауы мүмкін

- **В1 витаминінің** үштік нервтің қабынуын, невралгиясын, белдеме теміреткіні, ауыз кілегейлі қабығының әртүрлі парестезиялық ауытқуларын, ауыздың әртүрлі қабынуларын емдеу үшін қолданса жақсы нәтиже береді.
- В1 витаминінің организмге тәуліктік қажеттілігі 2-3мг
- Емдік мақсатта В1 витаминін іштей тамақ жегеннен кейін немесе парэнтеральді қабылдайды. Асқазан-ішек жолы аурулары бар науқастарға В1 витаминін көкетке немесе көк тамырға инемен егу арқылы жіберген тиімді.
- Емдеу мақсатында тиамин хлориді: 0,002; 0,005; 0,01г түймедақ /таблетка/ түрінде, 5%-1,0 мл ерітінді түрінде; тиамин бромиді 0,00258; 0,00129; 0,00645г түймедақ; 3% және 6% зарарсыздандырылған ерітінділері бұлшық етке және көктамырға егу үшін пайдаланылады. Ересек адамдарға арналған мөлшері 0,012г күніне 3рет, кейде 5рет бір ай шамасында қабылдау қажет В1 В6 В12 витаминдерін бір уақытта және бір шприцтен сырттай егуге болмайды



- **В2 витаминнің жетіспеушілігі.** В2 витамині көптеген тотықтырушы-тотықсыздандырушы ферменттердің құрамына кіреді. Ол көмірсулар, майлар және белоктар алмасуына қатынасады.
- В2 витамині жетіспеушілігі кезінде тез шаршағыштық, асқа тәбеттің төмендеуі, бұлшық еттердің әлсіздігі байқалады және негізгі үш белгі: терінің, ерін жиектерінің, тілдің қабынулары /дерматит, хейлит, глоссит/ орын алады.
- В2 витаминін еріндер мен тіл қабынулары кезінде міндетті түрде тағайындайды, көбіне 0,001г зрет іштей қабылдайды 1-1,5 ай шамасында



- **Витамин В3** немесе никотин қышқылы /РР витамині/ жетіспеушілігі.
- Никотин қышқылы пеллаграға қарсы емдік әсер көрсететін дәрумен болып саналады, қан тамырларын кеңейтіп, көмірсулар алмасуын, қан айналымын жақсартады.
- РР витамині жетіспеушілігі көбіне белокты тағамдарды аз қабылдаған кезде орын алады және бұл кезде адамның асқа тәбеті болмай, айнып, ұзақ уақыт іші өтуі мүмкін. Ауыз кілегейлі қабығында парестезиялық белгілер дамып, тіл ысып-күйіп мазалайды.

- **Стоматологиялық тәжірбиеде никотин қышқылын қызыл жалпақ теміреткіні, қызыл жегіні, ауыздағы ұзақ жазылмайтын жараларды және тілдің әртүрлі қабынуларын емдеу кезінде қолданады. Оны күніне 0,05г 2рет іштей қабылдайды /тамақтан кейін/ немесе 1%-мл ерітіндісін күніне бір рет астына және бұлшықетке егеді./емдеу курсы 15-20күн/**





- В5 витамині /кальций пантотенаты/ Жетіспеушілігі.
- Пантотен қышқылы А коэнзимінің құрамына кіреді, көмірсулар және майлар алмасуына, ацетилхолин құруға қатынасады, кортикостероидтардың құрылуына ынталандырады.
- В5 витамині жетіспеушілігі кезінде эпителийдің әртүрлі әсерлерге қарсыластығы төмендейді, терінің әртүрлі әртүрлі қабынулары орын алады, шаш ерте ағарады. Кейде тілдің түлей қабынуы да орын алады
- Стоматологиялық тәжірбиеде В5 витамин ауыз ішіндегі әртүрлі парестезиялық өзгерістер, үштік нерв невралгиясы, тілдің түлей қабынуы, қызыл жалпақ теміреткі, қызыл жегі, лейкоплакия, әртүрлі баяу жазылатын жараларды емдеу кезінде 0,1-0,2г күніне 2-4рет іштей тағайындайды емдеу курсы 15-20 тәулік



● Витамин В6 /пиридоксин/ жетіспеушілігі.

Пиридоксин организмде пиридонсаль-5-фосфатқа айналып, алмаспайтын аминқышқылдар алмасуын реттейтін ферменттер түзуге қатынасады. Пиридоксиннің жетіспеушілігі гипохромды қан аздығына, темір темір алмасуының бұзылуына әкеліп соғады. Осының нәтижінде тілдің жіпке ұқсас бүртіктері атрофиялануға ұшырайды, тілдің үсті тегістеліп, эпителий қабаты жұқарады. В6 витаминін емдік мақсатта әртүрлі нервтер невралгиясы, үштік нервтің қабынуы, белдеме теміреткі, ерін қабынулары, лейкоплакиясы, ауыздық пайда болуы кезінде және гипохромды анемияны емдеу үшін қолданады.

Пиридоксинді іштей 0,002, 0,005 және 0,01г күніне 1-2рет тамқтан кейін тағайындайды, Сонымен қатар 5% -1 мл ерітіндісін тері астына, бұлшық етке және көктамырға тәулігіне бір рет енгізуге болады емдеу курсы 15-20 тәулік



MANUFACTURED BY: NOW FOODS, INC. • 2355 REDWOOD AVE. • COSTA MESA, CA 92626 • U.S.A. • 1-800-551-0111 • WWW.NOWFOODS.COM



B-6

CARDIOVASCULAR HEALTH

50 mg

- Supports Healthy Homocysteine Levels
- Important for Nervous System Function*

100 Tablets

A Dietary Supplement • Vegetarian Formula



- Фолий қышқылы /витамин В6/ жетіспеушілігі

Фолий қышқылы эритроциттер құрылуын жеделдетеді, аминқышқылдарын, нуклейн қышқылдарын, пуриндер мен холин құруға қатынасады. Фолий қышқылының алмасуының аскорбин қышқылының алмасуымен тығыз байланысты. Сондықтан аскорбин қышқылы аздығы жағдайында фолий жетіспеушілік қан аздығы дамиды.

Фолий қышқылы жетіспеген жағдайда қызылиек қабынып, қанағыш болады, ауыз іші құрғап, жабынды эпителий жұқарып, мегаломакроцитарлық қан аздығы дамиды.

Емдеу мақсатында фолий қышқылын қан аздығы негізінде дамыған ауыздағы патологиялық үрдістерді, иондаушы сәулелер әсерінен дамыған жарақаттарды емдеу мақсатында 0,001г күніне 3рет тағайындайды. Емдеу курсы 1-2 ай.

- Витамин В12 /цианокобаламин/ гемопоздді қан құрылу үрдісін реттеуге қатысып, эритроциттердің дұрыс жетілуін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар фолий қышқылымен қосыла отырып гемоглабин құруға қатысып, қан ұйытушы жүйенің белсенділігін жоғарлатады.
- В12 витамині жетіспеушілігі кезінде сүйек майында қан түйіршіктерінің құрылуы бұзылып, мегебласттық типті қан аздығы немесе Аддиссон-Бирмер анемиясы дамиды. В12 тапшылық анемиясы кезінде көптеген өзгерістер байқалады тілдің қызуы, ысып кую, сезімталдығының ауытқуы, тіл бүртіктерінің атрофиясы. Стоматологиялық тәжірбиеде емдеу мақсатына В12 витаминін әртүрлі себептерден дамыған қан аздығы, үштік нервтің қабынуы мен невралгиясы, глоссалгия, ауыз кандидозы және т,б аурулар кезінде тағайындайды және екі күнде бір рет 100-200мг тері астына немес бұлшық етке жіберіледі.



- Витамин В15 /кальций пангаматы/

Пангам қышқылы тіндердің оттегіні дұрыс пайдалануын, көмірсулардың аэробты айналымының жеделдеуін қамтамасыз етеді, бүйрекүсті бездері мен бауырдың қызметін жақсартады. Емдеу мақсатында көптеген аурулар кезінде /экзема, нейродермит/ С В1 витаминдері жәнескортикостероидтармен қатар 0,05г күніне 2-3 рет тағайындайды

● Витамин С /аскорбин қышқылы/

Витамин С адам организмінде толассыз жүретін тотығу-тотықсыздану, стероидты гормондар құрылу үрдісіне қатысады, арнаулы антиденелердің пайда болуын жылдамдатып, фагоцитоздау белсенділігін арттырады, колаген құруға қатынасады, қылтамырлардың тұрақтылығын жоғарлатып, өткізгіштігін азайтады, тіндердің қайта құрылу үрдісін жеделдетеді, уытсыздандыру қасиеті жоғары.

Қалыпты жағдайда қан сарысуындағы С витаминінің мөлшері 0,5 мг

С витамині жетіспеушілігі кезінде ауыз-кілегейлі қабығының әртүрлі аймағында оның ішінде қызыл иекте нүктелі қан құйылу пайда болады, қызылиек бүртіктері қанағыш болады. Қызылиек бүртіктері ісініп, борпылдақтана бастайды, көкшіл-қызыл түстеніп, көлемдері ұлғаяды.

Стоматологиялық тәжірибеде С витамині емдік дәрумен ретінде әртүрлі қан аздығын, уланулар кезіндегі ауыз ішіндегі өзгерістерді, пародонт қабынуларын, вирустық ауруларды, ауыз кандидозын, ауыз кілегейлі қабығындағы баяу жазылатын жараларды емдеу үшін қолданады және 0,1-0,3г күніне зрет тағайындайды.



ОТКРЫТОЕ АКЦИОНЕРНОЕ ОБЩЕСТВО
"БОРИСОВСКИЙ ЗАВОД МЕДИЦИНСКИХ ПРЕПАРАТОВ"
Республика Беларусь, г. Борисов, ул. Чапаева, 04/21

АСКОРБИНОВАЯ КИСЛОТА

раствор для внутривенного и внутримышечного введения 50 мг/мл

Состав:

кислоты аскорбиновой - 50,0 г;
натрия гидрокарбоната - до pH 5,7-7,0, натрия сульфита безводного - 2,0 г,
воды для инъекций, насыщенной углекислым газом - до 1 л.

10 ампул по 2 мл

СТЕРИЛЬНО Способ применения см. инструкцию.

Применять по назначению врача.
Хранить в защищенном от света месте при температуре от 5 до 25°C.
Хранить в недоступном для детей месте.
Отпуск из аптек: по рецепту.

П№ 015991/01 Годен до ↓

Дата выпуска ↓

Аскорбиновая к-та амп.

5% 2мл №10

27,00



2 001000 662784



● Витамин А

Бұл витаминнің маңызды қызметі-эпителий тіні жасушаларының жетілуін және қалыпты мүйізгектенуін қамтамасыз етіп, тері мен кілегейлі қабықтың әртүрлі ауруларға төзімділігін арттыру.

Стоматологиялық тәжірбиеде А витаминін ауыз кілегей қабығы шамадан тыс мүйізгектеніп аурулары лейкоплакия, қызыл жалпақ теміреткі жиі кұрғауы, атрофиялануға ұшырауы кезінде, әртүрлі эрозиялар мен жаралар шыққан жағдайда қолданады

А витаминнің 3300 халықаралық бірлігін таблетка, драже немесе капсула түрінде күніне 3рет тағайындайды ретинол ацетатының 3,44% немесе ретинол пальмитатының 5,5% ерітінділерін 10-20 тамшыдан күніне 2рет тағайындайды, емдеу ұзақтығы 1,5-2ай, А витаминнің майлы ерітіндісін жара бетіне бастырма ретіндн қоюға болады.

- Е витамині /токоферолдар/ антеоксиданттар тобына жатады және тотығу-тотықсыздану үрдістерін, оның ішінде майлардың асқын тотықты үрдісін реттеуге қатысады. Токоферолдың белоктардың құрылуындағы, көмірсулар мен майлар, микроэлементтер, нуклейн қышқылдарының алмасуындағы маңызын атауға болады. Жүйке жүйесінің, жыныс бездерінің қызметтері үшін, жасушалар мембраналарының бүтіндігінің сақталуы үшін де токоферол өте қажет.
- Стоматологиялық тәжірибеде Е витамині лейкоплакияны, қызыл жегіні, қызыл жалпақ теміреткіні, ауыз кілегейлі қабығының әртүрлі жараларынемдеу кезінде А витаминімен қоса аевит тағайындайды. Аевитті бір капсуладан күніне 3 рет қабылдайды. Сонымен қатар Е витаминінің 5% 10% ;50% майлы ерітінділерін де іштей қабылдауға болады 50-100мг тәулігіне 20-40күн шамасында. Капсулада шығарылатын 50% 0,1 және 0,2мл ерітіндіде 0,05 және 0,1г токоферол ацетаты бар. Ауыз кілегейлө қабығында пайда болған эрозиялар мен жаралардың жазылуын жеделдету үшін Е және А витаминдерінің майлы ерітінділерін жарақат ошағы бетіне аппликация ретінде пайдалануға болады.



- Комплекс Асепта способен укреплять зубы и дёсны. В его составе находятся витамины А, В₉, В₆, В₃, D₃ и С. Кроме того, в него входит экстракт зелёного чая. Такая добавка предотвратит воспаление в ротовой полости. Эти витамины для зубов взрослым выписывают чаще всего. Упаковки хватит на 1 курс, который обычно длится 6 недель.





- Комплекс Кальцинова содержит сбалансированное сочетание витаминов и микроэлементов, которые способны обеспечить здоровье зубочелюстной системы.

Комплекс ДентоВитус хорошо сбалансирован и не только способен укреплять дентин, но и сделает внешний вид зубов более красивым. В таблетке содержатся витамины А, D3, Е, С, В6, К. За счёт сочетания фосфора, магния, кальция, олова, марганца, молибдена, меди, фтора, кремния и цинка препарат имеет очень богатый минеральный состав. Курсовая терапия витаминами длится обычно около месяца.





Комплекс Витрум Кальциум содержит кальций и витамин D₃. За счёт препарата можно быстро восполнить в организме недостаток кальция. Кроме того, средство улучшит состояние твёрдых тканей, так как укрепит их структуру.

- Алфавит Классик — это многокомпонентный препарат, в состав которого входит 13 витаминов и 10 минералов. Упаковка состоит из таблеток 3-х видов. Первый — это сочетание кальция и витамина Д₃. Такая комбинация укрепит эмаль и кости. Второй вид таблеток — многокомпонентное сочетание, которое способно оздоровить весь организм. За счёт приёма включённых в состав средства веществ повышается сопротивляемость организма к заболеваниям. Третий вид таблеток имеет в своём составе железо и компоненты, которые улучшают его усваивание. Курсовая терапия обычно длится около 30 дней.



- Кальций-Д3 Никомед — это 2-компонентный препарат, который состоит из кальция и фосфора. Такое сочетание благотворно влияет на костную ткань и зубы в целом. Таблетки необходимо разжёвывать.





Қорытынды

Қорытындылай келе, біздің ағза – бұл өзін – өзі реттейтін бір тұтас жүйе. Біз тек қана стоматологиялық ауруларды емдеп қана қоймай жалпы адам ағзасын сауықтыруымыз керек

Қолданылған әдебиеттер:

- Персин Л.С. и др.
Стоматология детского
возраста. - М.: Медицина,
2006. –
- Курякина Н.В. Детская
терапевтическая
стоматология. – М. –Н.
Новгород, 2007– 744 с.
- Интернет
(google.ru.,medsite.ru.)
- Мезгілбаева Д.М Терапиялық
стоматология